

ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфофизиология кафедрасы	42/11
Дәріс кешені	8 беттің 1 беті

## ДӘРІС КЕШЕНІ

Пән: «Балалардағы қалыпты жүйке жүйесі мен сезу мүшелері (есту және тепе-тендік, көру)»

Пән коды: BKZhZhSMETK 2206

ББ атаяу: 6B10116 «Педиатрия»

Оку сағаттарының / кредиттердің көлемі: 180 сағат/6 кредит

Оқытылатын курс пен семестр: 2- курс, 3-семестр

Дәріс көлемі: 4 сағат

Шымкент, 2024 жыл

<b>ОНТҮСТИК ҚАЗАҚСТАН</b> <b>MEDISINA</b> <b>АКАДЕМИЯСЫ</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN</b> <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Морфофизиология кафедрасы	42/11
Дәріс кешені	8 беттің 2 беті

Дәріс кешені «Балалардағы қалыпты жүйке жүйесі мен сезу мүшелері (есту және тепе-тендік, көру)» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасына (силлабус) сәйкес әзірленген және кафедра мәжілісінде талқыланды.

Хаттама № 10 «XX » 05 2024 ж.

Кафедра менгерушісі, профессор м.а. \_\_\_\_\_ Танабаев Б.Д.

<b>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Морфофизиология кафедрасы	42/11
Дәріс кешені	8 беттің 3 беті

## Дәріс №1

**1. Тақырыбы:** Нерв жүйесі туралы жалпы түсінік. Нерв жүйесінің ұйымдастарларының принциптері. Жұлын құрылышы. Қарапайым және құрделі рефлекстік дөғалар. Жұлынның нервтері. Жастық ерекшеліктері.

**2. Мақсаты:** Нерв жүйесі туралы түсінік беру. Нерв жүйесінің ұйымдастырылуының принциптерін оқып білу. Нерв жүйесінің организмнің жұмыс істеуін реттеп және үйлестіруін, оның сыртқы ортамен байланысын қамтамасыз етуін көрсету. Нерв жүйесінің құрылымдық-қызметтік бірлігін, рефлекстік дөғаның бөліктегі оқып білу. Жұлынның және жұлынның нервтерінің құрылыштық ерекшеліктерін, өрімдердің түзілуін олардың топографиясы мен иннервациялау аймақтарын оқып білу.

**3. Дәріс тезистері:** Нерв жүйесі – бұл бір-бірімен анатомиялық және қызметтік жағынан байланысқан, организмнің біртұтас жұмыс істеуі мен реттелуін, оның сыртқы ортамен байланысын қамтамасыз ететін құрылымдардың жиынтығы.

Нерв жүйесі эволюция барысында интегративтік жүйе ретінде пайда болды. Басқа интегративтік жүйелерден айырмашылығы, нерв жүйесі өз қызметін өте жылдам, қысқа уақыт ішінде дәл орындайды.

Топографиялық принцип бойынша нерв жүйесін орталық және шеткі деп бөледі. Қызметі бойынша – соматикалық және вегетативтік деп бөледі.

Нерв жүйесінің құрылымдық бірлігі нерв жасушасы – нейрон немесе нейроцит.

Нерв жүйесі қызметінің негізін рефлекстер құрайды. Қөптеген рефлекстік актілерді шартсыз және шартты деп бөледі. Рефлекстің морфологиялық негізі - рефлекстік дөға. Қарапайым рефлекстік дөғада 3 нейрон (афферентті, ендірме және эфферентті) болады.

Рефлекстік дөғаның құрделенуі ендірме бөлікке байланысты болады.

Жұлын (medula spinalis) - омыртқа өзегінде жатады, (еркектерде 45 см және әйелдерде 41-42 см) алдынан артына қарай біршама қысыңқы цилиндр тәж тәрізді, ол жоғарыда (бас жағында) тікелей сопақша миға ауысып, ал төменде (құйрық жағында) конус тәрізді сүйірлене, II бел омыртқа денгейінде аяқталады.

Мұны білудің практикалық маңызы бар (жұлын сұйықтығын алу немесе жұлынға аnestezия жасау мақсатында белді тескен кезде шприц инесін III және IV бел омыртқаларының қылқанды өсінділері арасынан енгізу керек)

Жұлын нервтері - nn. spinales – дененің миотомдарына (миомерлеріне) сәйкес орналасады, әрбір нервке оған жататын тері участкесі (дерматом) сәйкес келеді.

Адамдар 31 жұп жұлын нерві бар, атап айтқанда 8 жұп мойын 12 жұп көкірек, 5 жұп бел, 5 жұп сегізкөз және 1 жұп құйымшақ нервтері. Әрбір жұлын нерві жұлыннан екі түбірмен шығады: артқы (сезімтал) және алдыңғы (қозғалыс) түбірлері. Екі түбір омыртқааралық тесік арқылы омыртқа өзегінен шығатын бір сабауға қосылады.

**4. Иллюстрациялық материалдар:** кестелер, слайдтар, муляждар, планшеттер, плакаттар, торс, «Пирогов» интерактивті анатомиялық столы.

## **5. Әдебиет:**

### **Силлабуста Оқу ресурстары 11 пунктта көрсетілген**

#### **6. Қорытынды сұрақтары (көрі байланысы):**

1. Нерв жүйесінің құрылымдық-қызметтік бірлігі.
2. Қарапайым рефлекстік дөғаның құрылышы?
3. Нерв жүйесінің жіктелуі.
4. Орталық нерв жүйесінің ағзаларын атаңыз?
5. Шеткі нерв жүйесінің ағзаларын атаңыз?
6. Жұлынға анықтама беріңіз

<b>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Морфофизиология кафедрасы	42/11
Дәріс кешені	8 беттің 4 беті

7. Жұлынми нервтеріне анықтама беріңіз?

### Дәріс №2

**1. Тақырыбы: Миға жалпы шолу. Ми қыртысының құрылышы. Ми қабықтары.**

**Бас-ми нервтері.**

**2. Мақсаты:** Мидың және ми қабықтарының құрылышын, қызметтік ерекшеліктерін оқып білу.

**3. Дәріс тезистері:** Ми орталық нерв жүйесінің жоғарғы бөлігі болып табылады.

Ми нерв түтігінің алдыңғы бөлігінен дамиды және дамудың үш және бес мі көпіршігі кезеңдерінен етеді. Мидың әр бөлігінің өзінің қызметтік морфологиялық және клиникалық ерекшеліктері болады.

Соңғы ми алдыңғы мі көпіршігінің туындысы болып табылады, оның құрамына: жамылғы, иіс сезу миы, базалдық ядролар, бүйір қарыншалар кіреді. Жамылғының сыртқы қабаты ми қыртысы, cortex cerebri болып табылады. Ол мидың ең маңызды бөлігін құрайды, яғни жоғарғы ми жұмысының материалды субстраты болып табылады және организмдегі өмірлік маңызы бар барлық қызмет түрлерін реттеп отырады.

Қыртыстың түзілуі – омыртқалылар эволюциясындағы ең прогрессивті туынды болып табылады. Адам ми сыңарының қыртысында филогенетикалық түрғыдан қарағанда ескі және жаңа қыртысты ажыратуға болады. Ми қыртысының қабаттарының саны 5-тен 8-ге дейін болады. Ми қыртысының негізгі бөлігі алты қабаттан түзілген. Қыртыста проекциялық және ассоциативтік орталықтар орналасқан. И.П.Павлов бойынша анализаторлар рецепторлардан, афферентті жолдардан және морфологиялық-қызметтік орталықтардан тұрады.

Ми – бассүйек қуысында орналасқан және пішіні жалпы алғанда бассүйек қуысының формасына сәйкес келеді. Оның жоғары латеральды немесе дорсальды беті бассүйек күмбезіне сәйкес дөңес, ал төменгі беті немесе ми негізі біршама жалпайған, тегіс емес. Мидың үш ірі бөлігін ажыратуға болады: үлкен ми – cerebrum, мишиқ – cerebellum, және ми сабауы – truncus encephalicus. Мидың ең көп бөлігін үлкен ми сыңарлары алып жатады, одан кейінгі үлкені мишиқ, қалған шамалы бөлігін ми сабауы құрайды.

Ми қабығы – meninges – жұлын қабықтарының (қатты, торлы және жұмсақ) тіkelей, жалғасын құрайды.

Қатты қабық – dura mater. encephali – басқа қабықтар сыртында жататын тығыз ақшылдау дәнекер тканьды қабық.

Торлы қабық – arachnoidea encephali – жұлындағы сияқты қатты қабықтан субдуральды кеңестіктің капилляр саңылауымен бөлінеді.

Жұмсақ қабық – pia mater encephali – миға тығыз жанасып, оның бетінің барлық жүлгелері мен саңылауларына енеді. Жұмсақ қабықта қан тамырлар мен тамырлы өрімдер болады. Қабықша мен тамырлар арасында торасты кеңестігімен қатынасатын периваскулярлы саңылау орналасады.

**4. Иллюстрациялы материалдар:** кестелер, слайдтар, ми муляжи, планшеттер, плакаттар, торс, «Пирогов» интерактивті анатомиялық столы.

**5. Әдебиет:**

**Силлабуста Оқу ресурстары 11 пунктта көрсетілген**

**6. Қорытынды сұрақтары (көрі байланысы):**

- Нерв жүйесінің құрылымдық-қызметтік бірлігі. Нерв жүйесінің қызметтері.
- Нерв жүйесінің жіктелуі.
- Орталық нерв жүйесінің ағзаларын атаңыз.

<b>ОНТҮСТИК ҚАЗАҚСТАН</b> <b>MEDISINA</b> <b>АКАДЕМИЯСЫ</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN</b> <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Морфофизиология кафедрасы	42/11
Дәріс кешені	8 беттің 5 беті

4. Шеткі нерв жүйесінің ағзаларын атаңыз.
5. Миға анықтама беріңіз.
6. Ми қабықтарына анықтама беріңіз.

### Дәріс №3

**1. Тақырыбы: Көру және иіс сезу ағзасы. Сезім ағзаларының өткізгіш жолдары.**

**2. Мақсаты:** Көру және иіс ағзаларының құрылышын және қызметтік ерекшеліктерін оқып білу.

**3. Дәріс тезистері:**

Жарық тітіргендіргішінің әсерінен жануарлар дүниесінде арнаулы көру ағзасы – organum visus пайда болды, оның басты бөлігі барлық жануарларда эктодермадан пайда болатын арнаулы сезімтал жасушалар болып табылады. Олардың көбі пигментпен қоршалған. Пигменттің маңызы жарықты белгілі бір бағытта өткізіп, артық жарық сәулелерін ұстап қалуда. Торлы қабықтың нерв элементтері үш нейрондар тізбегінен құралады. 1-ші звеносы торлы қабықтың жарық сезігіш клеткаларынан (таяқша және сауыша) көру анализаторының рецепторларынан құралады. 2-ші звеносы - биполярлы нейроциттер және үшінші ганглиоздық нейроциттердің өсінділері көру нервтерінің нерв талшықтарына жалғасады.

Иіс сезу ағзасы - organum olfactus - өзінің негізгі бөлігінде эктодерманың ішкі жоқ ойысы болып табылатын иіс сезу шұңқырын астарлап жататын сезімтал (нейросенсорлық) иіс сезу жасушаларынан тұрады.

Бұл сезімтал элементтер, иіс сезу нейросенсорлық жасушалары мұрынның шырышты қабығында, жоғарғы мұрын қалқаны мен мұрын қалқасының қарсы жатқан бөлігінде орналасқан иіс сезу жолының бірінші нейрондарын түзеді, олардың аксондары nn.olfactorii құрамында торлы сүйектің lamina cribrosa – дағы тесіктері арқылы bulbis olfactorius – қа өтіп, сол жерде иіс сезу шумактарында glomeruli olfactoii - аяқталады. Осы жерде екінші нейрондар (митралды жасушалар) басталады, олардың аксондары иіс сезу жолы құрамында жүріп, иіс сезу жолы сұр затының жасушалары trigonum olfactoium, subsantia perforata anterior және бозғылт қалқада аяқталады. Талшықтардың көп бөлігі парагиппокампальды иірім қыртысына, иіс сезу анализаторының қыртысты ұзын орналастырылған ілмекке жетеді.

**4. Иллюстрациялы материалдар:** кестелер, слайдтар, муляждар, планшеттер.

**5. Әдебиет:**

**Силлабуста Оқу ресурстары 11 пункттта көрсетілген**

**6. Корытынды сұрақтары (көрі байланысы):**

1. Сезім ағзаларына анықтама беріңіз?
2. Анализаторлардың құрамды бөліктерін атаңыз?
3. Көз алмасының сыртқы білігін не деп атайды? Ишкі білігі? Көз білігі?
4. Кірпікті дене нені білдіреді? Ол қандай элементтерден тұрады?
5. Кірпікті бұлшықеттердің бұлшықет шоғырлары қалай бағытталған? Әрбір шоғыр (бұлшықет) өзінің жиырылғанда қандай функция атқарады?
6. Көз алмасының жарықсындырығыш ортасына қандай құрылымдар жатады?
7. Көз алмасының сулы ылғалы және ағуы қайда пайда болады?
8. Көз алмасына қай жерден әр алты көз қимылдатқыш бұлшықеттер бекиді? Көз алмасының әрбір бұлшықеті қай бағытта бұрылады?

<b>ОНТҮСТИК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Морфофизиология кафедрасы	42/11
Дәріс кешені	8 беттің 6 беті

9. Көз ұясындағы қандай анатомиялық құрылымдарды тенон капсуласы деп атайды. Бұл капсула қандай функция атқарады?
10. Коньюктивальды қапшық деп нені атایмыз, естеріңізге түсіріңіз? Коньюктива күмбезі?
11. "Көзжасаппараты" аталуына не біріктіреді, атаңыз?
12. Қөру анализаторының өткізгіш жолдарының ұлғасын салып беріңіз? Нерв импульстарының өткізгіш жолдарының пайда болатын нейрондарды атаңыз?
13. Иісті қабылдайтын және нерв импульсіне трансформация жасайтын қандай анатомиялық құрылымдар?

### Дәріс №4

- 1. Тақырыбы:** Есту, тепе-тендік және дәм сезу ағзасы. Сезім ағзаларының өткізгіш жолдары.
- 2. Мақсаты:** Есту, тепе-тендік және дәм ағзаларының құрылышын және қызметтік ерекшеліктерін оқып білу.

#### **3. Дәріс тезистері:**

Сыртқы құлақ auris externa, құлақ қалқаны мен сыртқы есту өтесінен тұрады. Құлақ қалқаны әдette құлақ деп аталауды, ол терімен қапталған серпінді шеміршектен түзілген.

Сыртқы есту өтіci meatus acusticus externus екі шеміршекті және сүйекті бөліктен тұрады.

Ортаңғы құлақ, auris media дабыл қуысы мен есту тұтігінен тұрады. Ол дабыл қуысын жұтқыншақтық мұрындық бөлігімен жалғастырады.

Есту тұтігі (tuba anditiva) немесе Евстахий тұтігі (Eustachii, осыдан тұтіктің қабынуы - евстахиит), ауаның жұтқыншақтың дабыл қуысына келуіне арналған, осы арқылы қуыс іші мен сыртқы атмосфера қысымы арасындағы тепе-тендік сақталады. Бұл лабиринтке дабыл жарғағы тербелістерін дұрыс өткізу үшін қажет.

Функционалдық тұрғыдан есту органы (есту анализаторының перифериялық бөлігі) екі бөлікке бөлінеді: 1) дыбыс өткізгіш аппарат-сыртқы және ортаңғы құлақ, сондай-ақ ішкі құлақтың кейбір элементтері (перелимфа және эндолимфа); 2) дыбысты қабылдайтын аппарат-ішкі құлақ. Құлақ қалқаны жинаған ауа толқындары сыртқы құлақ арнасына бағытталады, құлақ қалқанына соғылады және оның дірілдеуіне әкеледі.

Мишиққа баратын талшықтар. оның төменгі таяқшақшасы арқылы өтеді. Бұл жол tractus vestibulocerelullaris. Вестибулярлық нервтің бір бөлігі вестибулярлық ядроларға бармай-ақ тұра мишиққа барады. Вестибулярлық нерв ядросының жұлынмен байланысты tractus vestibulospinalis - арқылы іске асырылады.

Дәм талшықтары сопқаша ми мен көпірде, екінші нейрон орналасқан nucleus solitarius nn. intermedii glossopharyngei et vagi де аяқталады. Nucleus solitarius тің дәм сезу бөлімі сопақша мидың барлық шайнауға және жұтуға қатысы бар қозғалтқыш ядроларымен байланысқан, сондай-ақ жұлынмен (тыныс алуды, жөтелді және құсуды бақылау) қатысты барлық қозғалтқыш ядроларымен байланысты.

Екінші нейрондардың есінділері сопақша ми мен көпірден таламусқа көтеріледі, онда дәм сезу анализатордың қыртысты ұшына қарай үшінші буын басталады.

#### **4. Иллюстрациялы материалдар:** кестелер, слайдтар, мулаждар, планшеттер.

#### **5. Әдебиет:**

<p>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN <b>MEDISINA</b> АКАДЕМИЯСЫ</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Морфофизиология кафедрасы	42/11
Дәріс кешені	8 беттің 7 беті

### **Силлабуста Оқу ресурстары 11 пунктта көрсетілген**

#### **6. Қорытынды сұрақтары (көрі байланысы):**

1. Сезім ағзаларына анықтама берініз?
2. Анализаторлардың құрамды бөліктерін атаңыз?
3. Есты ағзасының құрамды бөліктерін атаңыз?
4. Тепе – тендік ағзасының құрамды бөліктерін атаңыз?
5. Дәм сезу ағзасының құрамды бөліктерін атаңыз?

<b>ОНТҮСТИК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ</b> <b>«Онтыстық Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SKMA</b> —1979—	<b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Морфофизиология кафедрасы		42/11
Дәріс кешені		8 беттің 8 беті